

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 23 қаңтардағы
№ ДС-27 -тапсырмаға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің «Асыл-Түлік» АҚ мен «Асыл» АТО-ның жағдайына қатысты хаттарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

1-сауал бойынша. «Асыл түлік» пен «Асыл» орталықтарына арналған инвестициялық бағдарлама ұсынылсын. Берілетін қаражат 2026 жылдың республикалық бюджет жоспарына салынуы қажет. Ол ақшаға екі мекеме әлемде бар мықты бұқалар мен қошқарларды сатып алуға және өндірісті жаңартуға қолдануы тиіс.

6-сауал бойынша. Егер мемлекет тарапынан инвестиция болмаса «Асыл түлік» АҚ акцияларын саладағы технологиясы мен тәжірибесі бар шет ел инвесторларына ұсыну қажет.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 502 бұйрығымен «Асыл түлік» АҚ базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізілді.

Осыған орай, а.ж. 6 қаңтарда Министрлік, Қаржы, Ғылым және жоғары білім министрлігіне «Асыл Түлік» АҚ-ның базалық қаржыландыру бойынша 134 млн. теңгеге 2025-2027 жылдарға бюджеттік өтінімді жолдады.

Бұл қаражат ғылыми инфрақұрылым мен мүлікті, оның ішінде ғимараттарды, жабдықтар мен материалдарды қамтамасыз етуге, ғалымдардың, әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналдың еңбегіне ақы төлеуге бағытталатын болады.

Қаражат бөлу мәселесін 2025 жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде пысықтау жоспарлануда.

Осыған байланысты мемлекет тарапынан қаражат бөлу мәселесі қарастырылып жатқандықтан, «Асыл түлік» АҚ акцияларын шет ел инвесторларына ұсынуға әзірге ерте деп санаймыз.

2-сауал бойынша. Екіншіден, шет елден әкелінетін ұрыққа субсидия төленуі тоқтатылсын. Ауылдарда қолдан ұрықтандыруды игеріп жұмыс істеймін деген жастар көп. Оларды осы екі орталық арқылы оқыту және даярлау қажет.

Қазіргі таңда асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алуды субсидиялау қарастырылған. Сатып алынған бір жынысты дозаның нормативі – 10 мың теңге, екі жынысты дозаның нормативі – 5 мың теңгені құрайды.

Жыл сайын шет елдерден сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал (*қашарлар мен бұқашықтар*) сатып алынады, атап айтсақ 2024 жылы шет елдерден сүтті және сүтті-етті бағыттағы 11 488 бас ірі қара мал импортталды.

2023 жылы Үкіметтің тапсырмасымен СҚО тәжірибесін тираждау бойынша АӨК саласындағы инвестициялық жобаларға кредит беру бағдарламасын іске асыру басталды. 2023 жылы республикалық бюджеттен 11 облысқа 65 тауарлық сүр фермасына кредит беруге 100 млрд. теңге қаражат бөлінді.

65 тауарлық сүт фермасын қамтамасыз ету үшін 30 мыңға жуық сүтті бағыттағы ірі қара мал сатып алу жоспарлануда.

Бұл ретте бүгінгі таңда отандық нарық жоғары өнімді сүтті бағытындағы бұқашықтар мен қашарлардың қажеттілігін жаба алмайды.

Өздеріңізге белгілі, сүтті мал шаруашылығында қолдан ұрықтандыру кеңінен қолданылады, себебі ол қауіпсіз және тиімді көбею әдісі болып табылады.

Бұдан басқа «Асыл-Түлік» АҚ мен «Асыл» АТО бір жынысты дозаны шығаратын қажетті құрал-жабдықтардың жоқтығын ескерулері керек.

Осыған байланысты қазіргі таңда шет елдерден әкелетін ұрыққа субсидия төлеуді тоқтату орынсыз деп санаймыз.

Ал енді қолдан ұрықтандыруды осы екі орталық арқылы оқыту және дайындау мәселесіне келсек, қолданыстағы «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңға (бұдан әрі - Заң) сәйкес аталған мекемелер техник-ұрықтандырушының оқу немесе біліктілікті арттыру курстарын оқытуға құқылы.

3-сауал бойынша. Сырттан келетін ұрықтардың сапасы зертханаларда тексерілсін, сөйтіп қана қолданысқа жіберілсін. Бұл ретте «Асыл түлік» орталығының және де өңірлердегі ғылыми-зерттеу институттарының зертханаларын пайдалануға болады.

Заңның 9-бабына сәйкес ұрықтың импортын одан әрі өткізу мақсатында асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар жүзеге асырады. Бүгінгі таңда республика бойынша 13 асыл тұқымдық және 50 дистрибьютерлік орталықтар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелген.

Асыл тұқымдық өнім (материал) экспорты уәкілетті орган берген ветеринариялық сертификат және асыл тұқымдық куәлік болған кезде жүзеге асырылады.

Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес ұрық мынадай шарттарға бір мезгілде сәйкес келген кезде пайдаланылады және өткізіледі:

1) ұрпақ сапасы және (немесе) геномдық бағалау бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық жануардан алынған;

2) тиісті морфофункционалдық көрсеткіштері болған;

3) генетикалық детерминделген аурулары болмаған;

4) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін таңбалауы болған.

Бұдан басқа, Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) мүше мемлекеттер арасында орын ауыстыруға, қолдан ұрықтандыру кәсіпорындарында сау жануарлардан алынған тұқымдық бұқалардың ұрығына жол беріледі.

Ұрық жануарлардың жұқпалы ауруларынан (*аусыл, ірі қара малдың обасы, блутанг, жұқпалы плеввропневмония, бруцеллез, туберкулез, паратуберкулез, инфекциялық ринотрахеит, вирустық диарея, трихомоноз (Trichomonas fetus), кампилобактериоз (Campylobacter fetus venerealis), энзоотиялық лейкомия, лептоспироз, сібір жарасы*) таза аумақтарда орналасқан кәсіпорындардан болуы қажет.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып, елімізге әкелінетін ұрықтар асыл тұқымды сапасы бойынша мәліметтер асыл тұқымдық куәлікте, ал ветеринариялық талаптар бойынша мәліметтер ветеринариялық сертификатта көрсетіледі.

4-сауал бойынша. «Асыл түлік» АҚ мен ғылыми зерттеу институтарына асыл тұқымды бұқалардан алынатын ұрықтардан ұрғашы жынысты ұрықтар алу технологиясының лицензиясын алуға және оны менгеруге тиісті қаражат бөлу керек.

Қазіргі таңда Қазақстанда бір жынысты ұрықтар кеңінен пайдаланылады. Осы әдісті қолдану шарттарын зерделеу мақсатында «Асыл түлік» АҚ «Universe 2020» компаниясымен сорттау технологиясын зерделеу бойынша белгілі бір жұмыс атқарды.

«Асыл түлік» АҚ мамандары Франциядағы Л-Агре қаласындағы криоконсервация жабдықтарын шығаратын зауытпен танысты. Жақын арада «Universe 2020» компаниясының өкілдері «Universe 2020» лицензиялық сорттерін жеткізу және қызмет көрсету туралы келісімге қол қою мақсатында Қазақстанға келуді жоспарлады.

5-сауал бойынша. Малды қолдан ұрықтандыруға Республикалық палаталарды тартуды және оларды тек отандық орталықта дайындалған ұрықтарды сатып алғанда ғана субсидия берілетінін Министрліктің қағидаларымен бекіту қажет.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру қызметтерін техник-ұрықтандырушы көрсетеді.

Заңның 1-бабының 39) тармақшасына сәйкес техник-ұрықтандырушы жануарларды қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға болып табылады.

Республикалық палаталарға келсек, олар селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу мен үйлестіруге жауап органы болып табылады және осы жұмыстарға тартуға болады.

Жоғарыда атап өткендей қазіргі таңда сүтті мал шаруашылығында қолдан ұрықтандыру әдісі кеңінен қолданылады. Отандық тауарөндірушілер жыл сайын

жоғары өнімді сүт бағытындағы бұқашықтар мен қашарларды елімізге әкеледі.

Шетелдік ұрықтарға қолжетімділікті шектеу Қазақстандағы малдың генетикалық сапасына кері әсерін тигізуіне, өнімділіктің төмендеуіне және мал ауруларының артуына әкелуі мүмкін.

Қазіргі таңда отандық асыл тұқымдық орталықтардың бәсекеге қабілеттілігі төмен, атап айтсақ бір жынысты ұрықтарды шығару технологиясы жоқ.

Егер фермерлер тек отандық ұрықтарды қолдануға мәжбүр болса, бұл нарықта бәсекелестіктің азаюына әкеледі және монополияның қалыптасуына, бағаның өсуіне және қызмет көрсету сапасының төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Осыған байланысты қазіргі таңда Министрлік тек отандық орталықтардан ұрықтарды сатып алуға субсидия беру мәселесін қарастыруды қолдамайды.

**Ауыл шаруашылығы
министрі**

А. Сапаров

Орынд.: Р.Қамарова
Тел.: 8 (7172) 555-934
kamarova.r@minagri.gov.kz